

## **«Хиуаз Доспанова халықаралық әуежайы» АҚ сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, «Хиуаз Доспанова халықаралық әуежайы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Басқарма төрағасының 17.06.2022ж. №88 «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Қызметі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын бөлімшеше-Қоғамның кадрлар бөлімі

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай бағыт бойынша жүзеге асырылды: бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдауды тәуекелдерді басқару жөніндегі менеджер (сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер) А.Ж.Ильясова жүргізді.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелеріне басшылық ету, үйлестіру және жауапкершілік тәуекелдерді басқару жөніндегі менеджер (сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер) А.Ж. Ильясовага жүктеледі.

Ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2022 жылғы 20-21 маусым.

Осы бағыт бойынша сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау 2021 жылғы 1 желтоқсан мен 2022 жылғы 31 мамыр аралығында жүргізілді.

Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде персоналды басқаруга қатысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау мынаны көрсетті: кадрлардың ауысуы шынайы шенберде өтті.

Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарттарын тоқтату фактілері анықталған жоқ;

Мұдделер қақтығысы, жұмысқа қабылданған қызметкерлердің басшымен үлестестігі фактілері анықталған жоқ;

Мұлікті мемлекеттік сатып алу, сатып алу немесе сату кезінде лауазымды тұлғалардың үлестес болу фактілері анықталған жоқ;

Жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) жасау фактілері анықталған жоқ;

Лауазымды тұлғалар үшін белгіленген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды бұзу фактілері қолданыстағы заңнамамен анықталған жоқ.

Қоғам мемлекеттік қызмет көрсетпейді, рұқсат беру және бақылау функцияларына ие емес.

Жеке және заңды тұлғалардың Қоғам қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық фактісі бойынша өтініштері анықталған жоқ.

Бақыланған кезеңде Қоғам қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар саласында әкімшілік және қылмыстық істер қозғалған жоқ.

Бақыланған кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде Қоғам қызметкерлері жасаған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қатысты жағымсыз жарияланымдар анықталған жоқ.

«Хиуаз Доспанова халықаралық әуежайы» АҚ-да сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша әлеуметтік сауалнамалар жүргізілген жоқ.

Корытындылар: бағыт бойынша сыйбайлас жемқорлық тәуекелін ішкі талдау нәтижесінде: бөлімшениң ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау-Қоғамның кадрлар бөлімі. (№14 тәуекел «қызметкерлер және үшінші тұлғалар тарапынан алайқтық/сыйбайлас жемқорлық әрекеттері») - осы тәуекелдің іске асырылуы тексеру кезеңінде анықталған жоқ. Осыған байланысты тәуекелдің осы түрін басқару бойынша қосымша іс-шаралар (тәуекел-тәбеттің, төзімділіктің өзгеруі) талап етілмейді.

Қосымша сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ұсынымдар: тұрақты негізде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдерге талдау жүргізу (жартыжылдықта кеміндегі бір рет). Қоғамдағы кез келген көріністерге сыйбайлас жемқорлыққа «нөлдік төзімділік» және парасаттылық идеологиясын одан әрі насихаттау.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі менеджер  
(сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер)

А. Ильясова

Келісілді:

*Каффанисин  
басынан  
Б. Құсепшев*